

*«Астана медицина университеті» АҚ
Фтизиатрия кафедрасы*

Сүйек және буын туберкулезі

Орындаған: Паизханова А.А.

Қабылдаған:

- Туберкулез үрдісі, көбінесе, омыртқа сүйегінде кездеседі, жамбас сүйек пен тізе, шынтақ, иық, аяқ-қол буындарының туберкулезіне ұшырайды.
- ТМБ алғаш рет жұққанда инфекция лимфогематогенді жолмен таралады.

- Алғашқы кезде сүйек тініндегі туберкулезді өзгерістер бейспецификалық, грануляциялық аймағы бар төмпешіктерден тұрады (туберкулезді остит). Кейін прогрессия сатысында төмпешіктер саны көбейеді, олар бір-бірімен қосылып кетеді. Эпифизден және метафизден төмпешіктер буынға жайылады. Буын бетінде абсцесс, жыланкөз пайда болады. Туберкулездің бәсеңдеген кезінде буын қуысы бітеледі де, анкилозға алып келеді.

Сүйек-буын туберкулезінің дамуы 4 сатыдан тұрады:

- I. Артрит, спондилит алдындағы сатысы. Туберкулез ошағы қалыптасады, сүйек тіні өзгермейді.
- II. Артрит, спондилит фазаларының басталуы;
- III. Артрит, спондилит фазаларының өршіген кезі: туберкулез үрдісі синовиальды қабыққа, буынның сүйекті беткейіне, көрші жатқан омыртқаларға жайылады.
- IV. Аяқталу кезеңі: үрдіс өршуінің бәсеңдеп, стабилизациясы, деформациялануы анықталады.